

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ



Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады).

Транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-да, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді игереді.

Бұл ретте ЖЖОКБҰ-лар арасында екіжақты шарт жасалады.

Басқа білім беру ұйымдарында түрлі білім беру тәжірибелерін пайдалану мақсатында "ұтқырлық терезелерінен" білім алушының басқа ЖЖОКБҰ-да игеретін уақытша шектеулері, оқу пәндері мен кредит көлемдері анықталады.

Баишев Университеті білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және іріктеу тәртібін білім алушылар, ПОҚ және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы Ереже негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысуға жіберу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген шетелге оқуға, оның ішінде академиялық ұтқырлық аясында оқуға жіберу Қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы қарастырған деңгейде шетел тілін білу керек.

Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе оның сол елдегі баламасы болып табылады.

Транскриптке оқыту бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны енгізіледі.

Білім алушы академиялық ұтқырлық шеңберінде толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін ЖЖОКБҰ міндетті тәртіпте қайта есептейді.

Барлық сұрақтар бойынша Баишев Университеті халықаралық байланыстар департаментіне хабарласуды сұраймыз.